# Саусақтар арқылы мінез анықтау (тест)



## Саусақтарыңызды бір-бірімен айқастырыңыз.




Егер ***оң қолыңыздың бас бармағы сол қолыңыздың бас бармағының үстінде жатса,*** параққа «2» деп жазыңыз, егер ***сол қолыңыз үстіде жатса*** - «1».

## Бір көзіңізді жұмып, кез келген нысанаға дәлдеп көздеңіз




Егер ***сол көзіңіз ашық қалса***, «1» санын жазыңыз, егер ***оң көзіңіз ашық қалса*** - «2».

Қолыңызды кеудеңізге айқастырыңыз, қай қолыңыз үстіде жатыр?




Егер ***сол қолыңыз саусақтары оң қолыңыздың үстінде жатса***, «1» санын жазыңыз, егер ***оң қолыңыз үстіде жатса*** - «2».

## Көлденең шапалақтаңыз.




Егер ***сол қолыңыз үстіде болса*** - «1», егер ***оң қолыңыз болса***, онда «2».

# Қорытындысын сандардың орналасу тәртібі бойынша анықтаңыз:

- «2222» - (жүз пайыз оңақай) – мінезі тұрақты, біреулермен шиеленісуден, ұрсысудан қашады.
- «2221» - ең үлкен кемшілігі – батылсыздық, тартыншақтық.
- «2212» - өте ашық, кез келген адаммен тіл табысып кетеді.
- «2111» - тұрақсыздық, жалтақтағыш, біреудің қолдауы мен пікіріне тәуелді, өзіне сеніп үйрену керек.
- «2211» - мұндай үйлесім көп кездесе бермейді. Ашық адамдар, жақсы қарым-қатынас жасайды, әрі мінездері жұмсақ.

- «2122» - бұндай адамдарда аналитикалық ақыл-ой жүйесі қалыптасқан, мінезі жұмсақ. Бәріне сақтықпен қарайды, адамдармен өзін салқынқанды ұстайды.
- «2121» - бұл тіркес те сирек кездеседі, қорғансыздық, адамдардың ықпалына ұшырап тұрады.
- «1112» - өте әсершіл, қайратты әрі батыл адамдар.
- «1222» - жиі кездесетін мінез. Әсершіл, алайда өмірлік сұрақтарды шешуде жігерлік пен батылдық жетпей жатады, басқалардың ықпалына көніп кетеді. Өте ашық, адамдар өздері тартылады.
- «1221» - әсершіл, батылдық жетіспейді, мінезі жұмсақ, аңғал.
- «1122» - досжанды адамдар, бірақ сонымен қатар аңғал және қарапайым. Істерін саралап, өз-өзін қазбалауға құмар. Қызығушылығы көп, бірақ уақыты жете бермейді.
- «1121» - адамдарға қатты сенеді және мінезі өте жұмсақ. Көбіне шығармашылыққа бейім адамдар.
- «1111» - (жүзпайыз солақай) – кертартпа адамдар. Шығармашылыққа өте бейім. Көптеген заттарға ерекше көзқараспен қарайды. Өте әсершіл, даралылдық, эгоизм басым. Қыңыр әрі өзімшіл, бірақ бұл оларға өмір сүруге кедергі емес.
- «1212» - рухы мықты адамдар. Бірбеткей десе де болады, қойған мақсаттарына жетеді.
- «1211» - өз-өзін қазбалауға құмар, тұйық адамдар, көпке ашылмайды, бірақ рухы мықты, алдына мақсат қойса ештеңеден тайсалмайды.
- «2112» - жайдары, еркін мінезді, достарды тез табады, танысуы да оңай және қызығушылықтарын да жиі ауыстырады.